

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Тарих факультеті**  
**Археология, этнология және музеология кафедрасы**

**«Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті» пәні бойынша қорытынды емтихан  
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«5B02211-Археология және этнология» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 ж.

Құрастырушы:

Бейсеғулова А.Қ. Археология, этнология және  
музеология кафедрасының доцент міндетін атқарушы,  
PhD

---

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және  
атағы)

«Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті» пәні бойынша қорытынды емтихан  
жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып,  
ұсынылды

«\_\_\_»\_\_\_\_\_2024 ж., хаттама

## Кіріспе

Студенттер «Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

*I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:*

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.

2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.

3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

*II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:*

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.

2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.

3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

*III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:*

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

*IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:*

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне еңгізеді.

2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.

3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.

4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.

5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Қазақ диаспорасының теориялық және әдіснамалық проблемалары.
2. Қазақ диаспорасы жөнінде шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері
3. Өзбекстандағы қазақтар этникалық тарихы, әлеуметтік мәдени проблемалары мен көші-қоны.
4. Қарақалпақстандағы қазақтардың қалыптасу тарихы
5. Орта Азия елдеріндегі қазақтардың этникалық тарихы мен мәдениеті
6. Монғолия қазақтарының тарихы мен этнографиясы
7. Орта Азиядағы қазақтардың этникалық құрамы
8. Қытайдағы қазақтардың қалыптасу тарихы, этникалық мәдениеті.
9. Қытай қазақтарының қазіргі кезеңдегі әлеуметтік мәдени мәселелері.
10. Ресей қазақтарының этникалық тарихы мен дамуы
11. Алыс шет елдердегі қазақ диаспорасы
12. Иран мен Ауғанстандағы қазақтардың қалыптасуы, орналасуы, саны
13. Түркиядағы қазақтар қоныстануы
14. Қазақ диаспорасының этникалық бірегейленуі
15. Еуропа қазақтарының қазіргі кезеңдегі әлеуметтік мәдени проблемалары.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: История и современность. – Алматы: Реис, 2006. – 343 с.
2. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Аму-Дарьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII - XX вв. – Ташкент: Фан, 1966. – 336 с.
3. Қобыландин К.И., Мендикулова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: Реиз, 2009. – 296 б.
4. Қинаятұлы З. Монғолиядағы қазақтар. – Алматы: Ата жұрт, 2001. – 318 б.
5. Нәбижан Мұхамедханұлы Қытай қазақтары.
6. Қатран Д. Монғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағам жүйесі. – Алматы, 1996. – 112 б.
7. Қалшабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: қазақ университеті, 2011. -406 б.
8. Қалшабаева Б.К., Бейсегулова А.К. Түркиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу). Алматы: қазақ университеті, 2013.

**«5B02211-Археология және этнология» білім беру бағдарламасы  
«Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті» пәнінен емтихан қабылдау  
нұсқаулығы**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық »	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну</b>	"Өте жақсы" деген баға ашық «диаспора, ирригент, рапатриант терминдеріне теориялық түсініктеме беруде, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, шетелдік ғалымдардық теориялық және методологиялық материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды , теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
<b>Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</b>	Қазақ диаспорасы туралы терминдерді қолдана отырып, әдістемелерге қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары

					н бұзу.
<b>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</b>	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Диаспора, ирригент, репатриант терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдармен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл.